

Орал қаласының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 5 қыркүйектегі № 2350 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 қыркүйекте № 3632 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңын басшылыққа алып, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Орал қалалық (аумақтық) сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп, қосымшаға сәйкес Орал қаласының аумағында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгіленсін.

2. Зачаган, Круглоозерный кенттік округі және Желаев селолық округі әкімдері, «Орал қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі үгіттік баспа материалдарын орналастыратын орындарды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен ж а р а қ т а н д ы р с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М. Қ. С а т ы б а л д и е в к е жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі А. Көлгінов

«КЕЛІСІЛДІ»

Орал қалалық (аумақтық)
сайлау комиссиясының төрайымы
----- А. Ә. Төкешева

05.09.2014 ж.

Орал қаласы әкімдігінің
2014 жылғы 5 қыркүйек
№ 2350 қаулысына қосымша

**Орал қаласының аумағында
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының
депутаттығына барлық кандидаттар**

үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

№	Елді мекен атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Орал қаласы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жәңгір х а н а т ы н д а ғ ы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының алдында
2	Орал қаласының Деркул ауылы	«Электрод» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратының алдында
3	Орал қаласының Круглоозерный кенті	«Круглоозерный орта жалпы білім беретін мектеп» мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдында
4	Орал қаласының Желаев кенті	«№ 14 орта жалпы білім беретін мектеп» мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдында
5	Орал қаласы	«Қазақтелеком» акционерлік қоғамының филиалы - Батыс Қазақстан облыстық телекоммуникация дирекциясы ғимаратының алдында
6	Орал қаласы	В. Чапаев алаңында
7	Орал қаласы	Орал қаласындағы «Oil Real Estate» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі филиалының «Орал» сауда ойын -сауық кешені ғимаратының алдында

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК